



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Дәуітәлі Стамбеков – қазіргі қазақ поэзиясына өзіндік ой өрнегін, нәзік лиризмін ала келген дарынды ақындардың бірі. Әр жылдары жалғаса жарық көріп, оқырман жүрегіне тете жол тартқан «Нұрлы әлем», «Бір тамшы ғұмыр», «Қызыл бидай», «Жұмағым мен тамұғым» атты кітаптары оқырман жүрегінен орын тапты.

адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру. Ұлысын ұлықтаған тағылымды шараның өтуіне Ақтоғай аудандық балалар кітапханасы ұйытқы болды.

Шара барысында тәрбиеші Айнұр Кәукербектің жетекшілігімен Ерғабыл Гүлім, Нығыжан Жалғас, Хабиболла Ақнұр, Ұзақбай Аңсағандар ақынның «Бір тамшы ғұмыр» кітабынан «Өткенге саяхат», «Қобыланды», «Ақтоғай туралы аңыз», «Бір тамшы ғұмыр» өлеңдерін дауыстап оқып берді. Шара соңында іс-шараға арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесіне шолу жасалып, Дәуітәлі

Дәуітәлінің жыр әлемі



Д.Стамбеков (1947-1999 ж.ж.) Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында туған. Таяуда ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жерлесіміз Дәуітәлі Стамбекұлының туғанына 75 жыл толуына орай Ө.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің жанындағы интернат оқушыларымен ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан оқушылар арасында білім сайысы өтті. Іс-шара мақсаты – жастарды ақынның өлеңдерін оқу арқылы

Стамбекұлының кітаптары насихатталды.

Кітапханамызда жерлес ақын-жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылық еңбектеріне арналған мәдени іс-шаралар жиі өтіп тұрады. Бұл жолғы ақынның туған күні қарсаңында өткен шара мектеп оқушыларының атсалысуымен ерекшелене түсті.

Л.Ақжолтаева,

Ақтоғай аудандық балалар
кітапханасының кітапханашысы.

Ақтоғай ажары.2022.11.ақпан.4,б.